| | |
|---|---|
| Үлгі нысанды[1]<br>«АТФБанк» АҚ Басқармасы бекіткен<br>(2018 жылғы «19» шілде № 70 хаттама) | Типовая форма утверждена[1]<br>Правлением АО «АТФБанк»<br>(протокол №70 от «19» июля 2018 года) |
| **Инвестициялық портфельді басқарушыға кастодиандық қызмет көрсету бойынша № _____ ШАРТ** | **ДОГОВОР № ____<br>по кастодиальному обслуживанию управляющего инвестиционным портфелем** |
| **Алматы қ.<br>20__ жылғы «___»_____________** | **г. Алматы<br>«___»_____________ 20__ г.** |
| **«АТФБанк» АҚ**, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылғы 03 сәуірде берген банктік және басқа да операцияларды өткізуге және бағалы қағаздар нарығында басқа да операциялар мен қызметті жүзеге асыруға арналған № 1.2.55/233/39 лицензияға ие, бұдан әрі **«Кастодиан»** деп аталады, ________________________ негізінде әрекет ететін _________________________ арқылы бір тараптан, және _______________________________________, бұдан әрі **«Клиент»** деп аталады, ___________________________негізінде әрекет ететін _______________________________________ арқылы екінші тараптан, _____________________, инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асырады, бұдан әрі **«Портфельді басқарушы»** деп аталады, ___________________________ және Клиентпен жасалған _____________ж. № ______ Инвестициялық портфельді басқару шартының негізінде әрекет ететін _______________________________________ арқылы үшінші тараптан, бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатындар төмендегілер туралы осы Инвестициялық портфельді басқарушыға кастодиандық қызмет көрсету бойынша шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады: | АО «АТФБанк», имеющее лицензию на проведение банковских и иных операций и деятельности на рынке ценных бумаг от 03 апреля 2018 года № 1.2.55/233/39, выданную Национальным Банком Республики Казахстан, именуемое в дальнейшем «**Кастодиан**», в лице _______________________, действующего (-ей) на основании _______________________________, с одной стороны, _____________________________, именуемое в дальнейшем «**Клиент**», в лице __________________________________________, действующего (ей) на основании ________________________________________ с другой стороны, _______________________________, осуществляющее деятельность по управлению инвестиционным портфелем, именуемое в дальнейшем «**Управляющий портфелем**», в лице _________________________________, действующего (-ей) на основании ___________________ и договора на управление инвестиционным портфелем с Клиентом №__ от _________, с третьей стороны, далее совместно именуемые «Стороны», совместно именуемые «Стороны», а при отдельном упоминании «Сторона» либо как указано выше, заключили настоящий Договор по кастодиальному обслуживанию управляющего инвестиционным портфелем (далее – Договор) о нижеследующем. |

[1] *Шартты ресімдеу кезінде бос бағандарды толтыру керек, бұл ретте, әрбір тілдік нұсқаның оң жақтағы жоғарғы бұрышында көрсетілген жазбаны алып тастау қажет.*

[1] *При оформлении договора пустографы подлежат заполнению, при этом, указанную в правом верхнем углу каждой языковой версии надпись следует исключить*

| | |
|---|---|
| **1. Шарттың мәні** | **1. Предмет Договора** |
| 1.1. Шартқа сәйкес Кастодиан Клиенттің активтерін есепке алу, олар бойынша оның құқықтарын растау және Клиенттің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтау қызметтерін көрсетеді. | 1.1. В соответствии с Договором Кастодиан оказывает услуги по учету активов Клиента, подтверждению его прав по ним и хранению документарных финансовых инструментов Клиента. |
| 1.2. Клиенттің жеке шотын басқару және иелік етуді Портфельді басқарушы жүзеге асырады. Клиенттің жеке шотындағы аткивтер кепілдің нысаны, Портфельді басқарушы немесе Кастодианның кепілдіктер, кепілдемелер және басқа да міндеттемелері бойынша қамсыздандыруы болып табылмайды. | 1.2. Инвестиционное управление и распоряжение лицевым счетом Клиента осуществляет Управляющий портфелем. Активы, находящиеся на лицевом счете Клиента, не могут быть объектом залога, обеспечением гарантий, поручительств и других обязательств Управляющего портфелем или Кастодиана. |
| **2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері** | **2. Права и обязанности Сторон** |
| **2.1. Кастодиан төмендегілерге міндетті:** | **2.1. Кастодиан обязуется:** |
| 2.1.1. Клиенттің активтерін есепке алу үшін Клиентке жеке шот ашуға; | 2.1.1. открыть Клиенту лицевой счет для учета его активов; |
| 2.1.2. Кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған эмиссиялық бағалы қағаздарды номиналды ұстауды қамтамасыз етуге; | 2.1.2. осуществить номинальное держание эмиссионных ценных бумаг, переданных на кастодиальное обслуживание; |
| 2.1.3. кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған активтердің есепке алынуын және сақталуын, сондай-ақ мәмілелер жасау кезінде олардың болуын қамтамасыз етуге; | 2.1.3. обеспечить учет и хранение активов, переданных на кастодиальное обслуживание, а также их наличие при совершении сделок; |
| 2.1.4. кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған эмиссиялық бағалы қағаздармен және басқа да қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша төлем агентінің қызметтерін атқаруға; | 2.1.4. выполнить функций платежного агента по сделкам с эмиссионными ценными бумагами и иными финансовыми инструментами, переданными на кастодиальное обслуживание; |
| 2.1.5. Клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздарымен жасалатын мәмілелерді тіркеу және бағалы қағаздар бойынша олардың құқықтарын растауға; | 2.1.5. регистрировать сделки с эмиссионными ценными бумагами Клиента и подтверждать его права по данным ценным бумагам; |
| 2.1.6. кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған Клиенттің эмиссиялық бағалы қағаздары мен басқа да активтері бойынша табыс табу және оны төмендегі тәртіпте Клиенттің банктік шоттарына есепке алуға; | 2.1.6. получить доходы по эмиссионным ценным бумагам и иным активам Клиента, переданным на кастодиальное обслуживание, и зачислять их на банковские счета Клиента в следующем порядке: |
| 1) «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-та (бұдан әрі – Орталық депозитарий) депозитке салынған бағалы қағаздар бойынша – Қорға шот ашу кезінде Кастодиан Орталық депозитарийге берген деректердің негізінде эмитент табысты тікелей Қордың банктік шотына есепке алады; | 1) по ценным бумагам, депонированным в АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» (далее – Центральный депозитарий) – доходы зачисляются эмитентом напрямую на банковский счет Фонда на основании данных предоставленных Кастодианом Центральному депозитарию при открытии счета Фонду; |
| 2) шетелдік номиналды ұстаушыда депозитке салынған бағалы қағаздар бойынша – табыстың төленуі және табыстың Кастодианның шетелдік номиналды ұстаушыда ашылған банктік шотына есепке алынуы айғағын растайтын құжаттарды алғаннан кейін | 2) по ценным бумагам, депонированным у иностранного номинального держателя – доходы зачисляются на банковский счет Фонда после получения документов, подтверждающих факт выплаты дохода и зачисления дохода на банковский счет Кастодиана, открытый у |

| | |
|---|---|
| табыс Қордың банктік шотына есепке алынады; | иностранного номинального держателя. |
| 2.1.7. жеке активтерге қатысты, Клиенттің кастодиандық қызмет көрсетуге тапсырылған активтерін жеке сақтау мен есепке алуды қамтамасыз етуге; | 2.1.7. обеспечить обособленное хранение и учет активов Клиента, переданных на кастодиальное обслуживание, по отношению к собственным активам; |
| 2.1.8. жеке шотты жүргізу және Клиенттің активтерін есепке алу бойынша ҚР нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген технологияны сақтауға; | 2.1.8. соблюсти технологию ведения лицевого счета и учета эмиссионных ценных бумаг и иных активов Клиента, установленную законодательством РК; |
| 2.1.9. Клиент активтерімен жасалатын мәмілелердің ҚР заңнамасына сәйкестігін бақылауға; | 2.1.9. осуществить контроль за соответствием сделок с активами Клиента законодательству РК; |
| 2.1.10. Клиентке тұрақты түрде және оның алғашқы талап етуімен оның жеке шотының жағдайы туралы есептілік беруге; | 2.1.10. представить отчетность Клиенту о состоянии его лицевого счета на регулярной основе и по его первому требованию; |
| 2.1.11. Клиентке Клиенттің жеке шоттағы автивтері туралы ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету және ақпаратты Клиентке бағалы қағаздардың эмитенттері, тіркеуші мен орталық депозитарийдің тапсырмасы бойынша беруге; | 2.1.11. обеспечить конфиденциальность информации об активах Клиента, находящихся на лицевом счете и передать информацию Клиенту по поручению эмитентов ценных бумаг, регистратора и центрального депозитария; |
| 2.1.12. Шарттың талаптарын, сонымен бірге Компанияның бұйрықтарын олардың мазмұнына сәйкес орындауға; | 2.1.12. исполнить условия Договора, а также приказы Компании в соответствии с их содержанием; |
| 2.1.13. ҚР заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де мәліметтерді жарияламауға; | 2.1.13. не разглашать сведения, составляющие коммерческую или иную охраняемую законом тайну, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК; |
| 2.1.14. уәкілетті орган сұратқан ақпаратты беруге; | 2.1.14. представить запрашиваемую уполномоченным органом информацию; |
| 2.1.15. Шарттың тұтастай қолданыс мерзімінің ішінде Клиентке төмендегілер туралы хабарлауға: | 2.1.15. в течение всего срока Договора уведомлять Клиента о (об): |
| 1) Кастодианның пруденциалдық нормативтерді сақтамау деректері; | 1) фактах несоблюдения Кастодианом пруденциальных нормативов; |
| 2) бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметті жүзеге асыру бойынша Кастодиан лицензиясының қолданысының тоқтатылуы (қалпына келуі), сонымен қатар одан айыру туралы; | 2) приостановлении (возобновлении) действия лицензии Кастодиана на осуществление кастодиальной деятельности на рынке ценных бумаг, а также о ее лишении; |
| 3) Клиенттің бұйрығы бойынша Номиналды ұстаушы клиенттерінің активтерімен мәмілелерді тіркеу (Кастодианның есепке алу жүйесінде операциялар жүргізу) барысында мүдделер қақтығысының туындау деректері; | 3) фактах возникновения конфликта интересов в процессе регистрации сделок с финансовыми инструментами (проведения операций в системе учета Кастодиана) по приказу Клиента; |
| 4) Клиенттің активтерімен мәмілелерге қатысты ҚР заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар; | 4) ограничениях и особых условиях, установленных законодательством Республики Казахстан в отношении сделок с активами Клиента; |
| 5) Клиенттің оның өзінің бұйрығында көрсетілген тапсырмасының ҚР заңнамасына сәйкес келмеуі туралы. | 5) несоответствии поручения Клиента, указанного в его приказе, законодательству Республики Казахстан. |
| Осы тармақшада қарастырылған хабарламалар жазбаша түрде ресімделеді және | Уведомления, предусмотренные настоящим подпунктом, оформляются в |

| | |
|---|---|
| осы хабарламаны жіберу үшін негіздеме туындаған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке электронды пошта арқылы жіберіледі және Кастодианның шығыс хат-хабарлары журналында тіркеледі. | письменном виде и направляются Клиенту по электронной почте, не позднее рабочего дня, следующего за днем возникновения основания для направления такого уведомления, и регистрируются в журналах исходящей корреспонденции Кастодиана. |
| 2.1.16. Клиенттің алғашқы талап етуімен Клиенттен талап (сұрату) алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде оған танысу үшін төмендегілерді ұсынуға:<br>1) уәкілетті органның бағалы қағаздар нарығында кастодиандық қызметтің жүргізілуін реттейтін нормативтік құқықтық актілерінің көшірмелері;<br>2) Кастодианның бірінші басшысы немесе оның орнын басатын тұлға қол қойған және мөр бедерімен куәландырылған ішкі құжаттардың көшірмелері;<br>3) Кастодианның соңғы есептік кезеңдегі қаржылық есептілігі;<br>4) пруденциалдық нормативтердің сақталуы туралы мәліметтер;<br>5) қатарынан соңғы он екі күнтізбелік айдың ішінде уәкілетті органның Кастодианға және (немесе) оның басқарушы қызметкерлеріне қатысты қолданған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар туралы мәліметтер.<br>Осы тармақшада көрсетілген құжаттар Клиентке тегін беріледі. | 2.1.16. по первому требованию Клиента в течение 2 (двух) рабочих дней со дня получения требования (запроса) Клиента представлять ему для ознакомления:<br>1) копии нормативных правовых актов уполномоченного органа, регулирующих осуществление кастодиальной деятельности на рынке ценных бумаг;<br>2) копии внутренних документов, подписанных первым руководителем Кастодиана или лицом, его замещающим, и заверенных оттиском печати Кастодиана;<br>3) финансовую отчетность Кастодиана за последний отчетный период;<br>4) сведения о соблюдении пруденциальных нормативов;<br>5) сведения об ограниченных мерах воздействия и санкциях, примененных уполномоченным органом к Кастодиану и (или) его руководящим работникам в течение последних двенадцати последовательных календарных месяцев.<br>Документы, указанные в настоящем подпункте, предоставляются Клиенту бесплатно. |
| 2.1.17. эмитенттің сұрауы бойынша тіркеуші, орталық депозитарий, жаһандық кастодиан мен басқа да есептік институтқа Клиент туралы ақпаратты ашуға; | 2.1.17. раскрыть информацию о Клиенте регистратору, центральному депозитарию, глобальному кастодиану и иному учетному институту по запросу эмитента; |
| 2.1.18. тұрақты түрде, ҚР заңнамасы мен Шарттың талаптарына сәйкес Клиентпен бірге құрылым мен жеке шот бойынша активтер қозғалысын салыстыруға; | 2.1.18. проводить регулярную сверку структуры и движения активов по лицевому счету с Клиентом в соответствии с требованиями законодательства РК и Договора; |
| 2.1.19. өзгертулердің күшіне енуінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын кастодиандық қызметтер көрсету бойынша тарифтердің өзгергендігі туралы Клиентке жазбаша түрде хабарлауға; | 2.1.19. письменно уведомить Клиента об изменении тарифов на оказание кастодиальных услуг не позднее, чем за 30 (тридцать) календарных дней до даты вступления их в действие; |
| 2.1.20. Клиенттің оған сеніп тапсырылған активтерін өз мүдделері, өзінің үлестес тұлғаларының мүдделері үшін пайдаланбау, соның ішінде солар арқылы өзінің міндеттемелері және өзінің үлестес тұлғаларының міндеттемелері бойынша жауап бермеу, көрсетілген активтерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаған іс-әрекеттер жасамауға; | 2.1.20. не использовать вверенные ему активы Клиента в своих интересах, в интересах своих аффилиированных лиц, в том числе не отвечать ими по своим обязательствам и обязательствам своих аффилиированных лиц, не закладывать и не совершать в отношении указанных активов действия, не предусмотренные законодательством Республики Казахстан; |
| 2.1.21. ҚР нормативтік құқықтық актілері, Кастодианның ішкі құжаттары мен Шартта қарастырылған өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға. | 2.1.21. осуществить иные обязанности, предусмотренные нормативными правовыми актами РК, внутренними документами Кастодиана и Договором. |

| | |
|---|---|
| **2.2. Кастодиан төмендегілерге құқылы:** | **2.2. Кастодиан вправе:** |
| 2.2.1. Шартты онда қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте бұзуға; | 2.2.1. расторгнуть Договор на условиях и в порядке, предусмотренных в нем; |
| 2.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес ай сайын комиссиялық сыйақы алуға; | 2.2.2. ежемесячно получать комиссионное вознаграждение в соответствии с условиями Договора; |
| 2.2.3. Клиенттің активтерімен жасалатын мәмілелердің ҚР заңнамасына сәйкестігін бақылау үшін Портфельді басқарушыдан Кастодианға қажетті құжаттарды алуға; | 2.2.3. получать от Управляющего портфелем документы, необходимые Кастодиану для осуществления контроля за соответствием сделок с активами Клиента законодательству РК; |
| 2.2.4. ҚР нормативтік құқықтық актілері, Кастодианның ішкі құжаттары мен Шартта қарастырылған өзге де құқықтарды пайдалануға. | 2.2.4. пользоваться иными правами,, предусмотренными законодательством Республики Казахстан, внутренними документами Кастодиана и Договором. |
| **2.3. Портфельді басқарушы төмендегілерге міндетті:** | **2.3. Управляющий портфелем обязуется:** |
| 2.3.1. Шартқа қол қоюмен бірге Кастодианға олардың өзгертулері және/немесе толықтыруларымен бірге құрылтайшылық құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін, мемлекеттік тіркеуді растайтын құжатты, Портфельді басқарушының Клиенттің атынан Кастодианға жазбаша тапсырмаларға қол қоюға уәкілетті басшылық ететін қызметкерлерінің қол қою үлгілері көрсетілген карточканы беруге; | 2.3.1. одновременно с подписанием Договора предоставить Кастодиану нотариально засвидетельствованные копии учредительных документов с изменениями и/или дополнениями к ним, документ, подтверждающий государственную регистрацию, карточку образцов подписей руководящих работников Управляющего портфелем, уполномоченных подписывать письменные поручения Кастодиану от имени Клиента; |
| 2.3.2. активтермен операциялар жүргізу кезінде активтерді есепке алу бойынша активтерді жеке шотқа (шоттан) есепке алу (есептен шығару) туралы бұйрықтарды және активтерді сатып алу-сату шарттары, банктік салым шарттары, брокер бойынша бұйрықтар, халықаралық нарықта брокердің мәміле жасау туралы растамаларын (трейд тикет), Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінен бағалы қағаздар мәмілесіне қатысушылардың баға белгілеулері немесе әртүрлі үш контрсеріктестің баға белгілеулерін қоса алғанда бастапқы құжаттардың көшірмелерін, қажет болатын жағдайда контрсеріктестің мәміле бойынша рейтингілерінің, Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінен бағалы қағаздар мәмілесіне қатысушылардың рейтингілері/листингісінің растамасын, қажет болатын жағдайда Bloomberg немесе Reuters ақпараттық талдау жүйелерінен эмитенттің бағалы қағаздарының мәмілесіне қатысушылардың және эмитенттің өзінің сипаттамасын (эмиссия | 2.3.2. при осуществлении операций с активами, направить приказы на зачисление (списание) активов на (со) лицевой (-го) счет (-а) по учету активов и копии первичных документов по сделкам, включая договоры купли-продажи активов, договоры банковского вклада, приказы брокеру, подтверждения брокера о заключении сделки на международном рынке (трейд тикет), котировки участвующих в сделке ценных бумаг из информационных аналитических систем Bloomberg или Reuters или котировки от трех различных контрпартнеров, в случае необходимости подтверждение рейтингов контрпартнера по сделке, рейтингов/листинга участвующих в сделке ценных бумаг эмитента из информационных аналитических систем Bloomberg или Reuters, в случае необходимости описание участвующих в сделке ценных бумаг эмитента и самого эмитента (условия эмиссии: начало обращения ценных бумаг, дата погашения ценных бумаг, доходность ценных бумаг, номинал ценных бумаг, купонные вознаграждения по ценным бумагам, размер и порядок выплаты дивидендов и т.д.) из информационных аналитических систем Bloomberg или Reuters, в срок до 16-30 часов алматинского времени дня заключения сделки, |

| | |
|---|---|
| талаптары: бағалы қағаздар айналымының басталуы, бағалы қағаздарды өтеу күні, бағалы қағаздардың кірістілігі, бағалы қағаздардың номиналы, бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақылар, дивидендтердің көлемі және оларды төлеу тәртібі және т.б.) мәміле жасалған күні алматы уақытымен сағат 16:30-ға дейін, бірақ мәміле бойынша валюталау күнінен кешіктірмей жіберуге; | но не позднее дня валютирования по сделке; |
| 2.3.3. Кастодианға өзінің бағалы қағаздар портфелін басқару қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының уақытша тоқтатылғандығы (тоқтауы) және қайтадан қалпына келтірілуі туралы және уәкілетті органның шешімін алған күні Портфельді басқарушының бағалы қағаздар портфелін басқару құқықтарындағы өзгерістерге әкелетін өзге де жағдайлар туралы хабарлауға; | 2.3.3. информировать Кастодиана о приостановлении (прекращении) и возобновлении действия своей лицензии на осуществление деятельности по управлению портфелем ценных бумаг или иных обстоятельствах, ведущих к изменению в правах Управляющего портфелем на управление портфелем ценных бумаг, в день получения решения уполномоченного органа; |
| 2.3.4. Кастодианға тиісті құжаттарды ұсыну арқылы өзгертулер орын алған күні Кастодианға жазбаша нысанда барлық өзгертулер туралы хабарлауға (төлем құжаттарына қол қоюға құқылы басқарушы қызметкерлерді ауыстыру, мекенжайлар, телефондардың өзгеруі); | 2.3.4. письменно уведомлять Кастодиана обо всех изменениях (смена руководящих работников, имеющего право подписи на платежных документах, изменение адресов, телефонов) в день наступления изменений с предоставлением соответствующих документов Кастодиану; |
| 2.3.5. бағалы қағаздарды қайта бағалау үшін Кастодианға ай сайын/күн сайын портфельдегі халықаралық нарықта сатып алынған бағалы қағаздар бойынша баға белгілеулерін ұсыну. Осындай баға белгілеулері ұсынылмаған жағдайда, бағалы қағаздарды есепке алу сатып алу құны бойынша жүргізіледі; | 2.3.5. еженедельно/ежедневно предоставить Кастодиану котировки по находящимся в портфеле ценным бумагам, купленным на международном рынке, для переоценки ценных бумаг. В случае не предоставления таких котировок учет ценных бумаг будет осуществляться по покупной стоимости; |
| 2.3.6. Кастодианның сұратуы бойынша Клиенттің активтерімен жасалатын мәмілелердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға; | 2.3.6. предоставить по требованию Кастодиана документы, необходимые для осуществления Кастодианом контроля за соответствием сделок с активами Клиента законодательству Республики Казахстан; |
| 2.3.7. ҚР нормативтік құқықтық актілері, Кастодианның ішкі құжаттары мен Шартта қарастырылған өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға. | 2.3.7. осуществлять иные обязанности, в соответствии с нормативными правовыми актами РК, внутренними документами Кастодиана и Договором. |
| **2.4. Портфельді басқарушы төмендегілерге құқылы:** | **2.4. Управляющий портфелем вправе:** |
| 2.4.1. Шартты онда қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте бұзуға; | 2.4.1. расторгнуть Договор на условиях и в порядке, предусмотренных Договором; |
| 2.4.2. Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің жеке шотының жағдайы туралы ақпарат алуға; | 2.4.2. получать информацию о состоянии лицевого счета Клиента согласно условиям Договора; |
| 2.4.3. ҚР заңнамасы мен Шартта қарастырылған басқа да құқықтарды пайдалануға. | 2.4.3. пользоваться иными правами, предусмотренными законодательством РК и Договором. |

| | |
|---|---|
| **2.5. Клиент төмендегілерге міндетті:** | **2.5. Клиент обязуется:** |
| 2.5.1. Шартқа қол қоюмен бірге Кастодианға оған Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Кастодианның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес жеке шот ашу үшін қажет болатын құжаттардың толық топтамасын ұсынуға; | 2.5.1. одновременно с подписанием Договора предоставить Кастодиану полный пакет документов, необходимый для открытия ему лицевого счета в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан и внутренними документами Кастодиана; |
| 2.5.2. Шартқа қол қоюмен бірге мәмілелер бойынша есеп айырысулар жүргізу және инвестициялық табыс табу үшін ұлттық және шетел валютасында ағымдағы шоттар ашуға; | 2.5.2. одновременно с подписанием Договора открыть в Банке текущие счета в национальной и иностранной валюте для осуществления расчетов по сделкам и получению инвестиционного дохода; |
| 2.5.3. ай сайын, сол кезең үшін шот берілген кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей, Шарттың талаптарына сәйкес шоттарды төлеу, шоттар үшін дер кезінде төлем жасалмаған жағдайда, Кастодианға Шарттың 5.6. тармағына сәйкес айыппұл төлеуге; | 2.5.3. ежемесячно, не позднее 20 (двадцатого) числа месяца, следующего за периодом, за который выставлен счет, оплатить счета в соответствии с условиями Договора, в случае несвоевременной оплаты счетов оплачивать Кастодиану штраф в соответствии с пунктом 5.6. Договора; |
| 2.5.4. Кастодианға тиісті құжаттарды ұсыну арқылы өзгертулер орын алған күні барлық өзгертулер туралы (төлем құжаттарына қол қоюға құқылы басқарушы қызметкерлердің ауысуы, мекенжайлардың, телефондардың өзгеруі, жеке басты куәландыратын құжаттағы, құрылтайшылық құжаттардағы өзгертулер) жазбаша нысанда хабарлауға; | 2.5.4. письменно уведомить Кастодиана обо всех изменениях (смена руководящих работников, имеющего право подписи на платежных документах, изменение адресов, телефонов, изменения в документе, удостоверяющем личность, учредительных документах) в день наступления изменений с предоставлением соответствующих документов Кастодиану; |
| 2.5.5. ҚР нормативтік құқықтық актілері, Кастодианның ішкі құжаттары мен Шартта қарастырылған өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға. | 2.5.5. осуществлять иные обязанности, в соответствии с нормативными правовыми актами РК, внутренними документами Кастодиана и Договором. |
| **2.6. Клиент төмендегілерге құқылы:** | **2.6. Клиент вправе:** |
| 2.6.1. Шартты онда қарастырылған жағдайлар мен тәртіпте бұзуға; | 2.6.1. расторгнуть Договор на условиях и в порядке, предусмотренных Договором; |
| 2.6.2. Шарттың талаптарына сәйкес Клиенттің жеке шотының жағдайы туралы ақпарат алуға; | 2.6.2. получать информацию о состоянии лицевого счета Клиента согласно условиям Договора; |
| 2.6.3. ҚР заңнамасы мен Шартта қарастырылған басқа да құқықтарды пайдалануға. | 2.6.3. пользоваться иными правами, предусмотренными законодательством РК и Договором. |
| **3. Кастодиан қызметтерінің мөлшері және төлем жасау тәртібі** | **3. Размер и порядок оплаты услуг Кастодиана** |
| 3.1. Шарт бойынша қызмет көрсету үшін Кастодиан Кастодианның тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы алады. Кастодиан қызметтері үшін төлемді Клиент сол айда шот берілген кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей төлейді. | 3.1. За оказание услуг по Договору Кастодиан получает комиссионное вознаграждение согласно тарифам Кастодиана. Оплата услуг Кастодиана производится Клиентом не позднее 20 (двадцатого) числа месяца следующего за периодом, за который выставлен счет. |
| 3.2. Клиент Кастодианға барлық шығындар мен залалдарды (көлік, пошта-телеграфтық шығындар; мәмілені тіркеумен байланысты шығындар, сонымен қатар тіркеушілер мен | 3.2. Клиент обязан возместить Кастодиану все расходы и издержки (транспортные, почтово-телеграфные расходы; расходы, связанные с регистрацией сделки, а также |

| | |
|---|---|
| номиналды ұстаушыларда туындаған және олар аталған шығындарды төлеу туралы талап қойған шығындар) Клиент сол айда шот берілген кезеңнен кейінгі айдың 20 (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей төлеуге міндетті болады. | расходы, понесенные регистраторами и номинальными держателями и выставленные ими к оплате) не позднее 20 (двадцатого) числа месяца следующего за периодом, за который выставлен счет. |
| **4. Есептіліктік нысаны мен кезеңділігі** | **4. Форма и периодичность отчетности** |
| 4.1. Кастодиан Клиентке есепті айдан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарттың 1 Қосымшасына сәйкес нысандағы кастодиандық қызмет бойынша: | 4.1. Кастодиан предоставляет Клиенту, не позднее 10 (десятого) рабочего дня месяца, следующего за отчетным, ежемесячный отчет по кастодиальной деятельности по форме согласно Приложению 1 к Договору состоящий из: |
| 1) есепті күннің соңындағы жағдай бойынша Клиенттің жеке шотының жағдайы туралы хабарламалар; | 1) уведомления о состоянии лицевого счета Клиента по состоянию на конец отчетной даты; |
| 2) Клиенттің жеке шоты бойынша есепті кезеңдегі автивтер қозғалысының журналынан тұратын ай сайынғы есеп беріп отырады. | 2) Журнала движения активов по лицевому счету Клиента за отчетный период. |
| 4.2. Кастодиан ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей, Шарттың № 2 Қосымшасына сәйкес нысанда электронды түрде: | 4.2. Кастодиан ежемесячно, не позднее 5 (пятого) рабочего дня месяца, следующего за отчетным, формирует в электронном виде и направляет Управляющему портфелем данные для сверки по форме согласно Приложению 2 к Договору о: |
| 1) Клиент активтерінің құрылымы мен қозғалысы; | 1) структуре и движении активов Клиента; |
| 2) Клиенттің теңге және шетел валютасындағы банктік инвестициялық шоттарындағы ақша қалдығы туралы деректерді құрады және салыстыру үшін Портфельді басқарушыға жібереді. | 2) движении денег на банковских инвестиционных счетах в тенге и в иностранной валюте Клиента. |
| 4.3. Кастодиан 2 (екі) данада салыстыру актісін жасайды, оған Кастодиан мен Портфельді басқарушының уәкілетті өкілдері есепті айдан кейінгі айдың 10 (онышы) жұмыс күнінен кешіктірмей қол қояды және өздерінің мөрлерімен куәландырады. | 4.3. Кастодиан формирует акт сверки в 2 (двух) экземплярах, который должен быть подписан не позднее 10 (десятого) рабочего дня месяца, следующего за отчетным уполномоченными представителями Кастодиана и Управляющего портфелем, и заверен печатями. |
| **5. Тараптардың жауапкершілігі** | **5. Ответственность Сторон** |
| 5.1. Кастодиан Клиент алдында негізді түрде Портфельді басқарушының бұйрықтарына сүйенген Кастодианның әрекетімен немесе әрекетсіздігімен келтірілген залал үшін жауапкершілік алмайды. | 5.1. Кастодиан не несет ответственности перед Клиентом за ущерб, причиненный действием или бездействием Кастодиана, обоснованно полагавшегося на приказы Управляющего портфелем. |
| 5.2. Кастодиан Клиенттің/Портфельді басқарушының міндеттемелері бойынша жауап бермейді және олардың қабылдайтын инвестициялық шешімдері үшін жауапкершілік алмайды. | 5.2. Кастодиан не отвечает по обязательствам Клиента/Управляющего портфелем и не несет ответственности за принимаемые ими инвестиционные решения. |
| 5.3. Егер Кастодианда дер кезінде Портфельді басқарушының және/немесе Клиенттің пошталық, телефон, телеграфтық және басқа да деректемелеріндегі өзгертулер туралы ақпарат болмаған жағдайда, Кастодиан Портфельді басқарушының және/немесе Клиенттің | 5.3. В случае отсутствия у Кастодиана в срок информации об изменениях в почтовых, телефонных и телеграфных и иных реквизитах Управляющего портфелем и/или Клиента, Кастодиан не несет ответственности за несвоевременное получение Управляющим портфелем и/или Клиентом извещений. |

| | |
|---|---|
| хабарламаларды дер кезінде алмағаны үшін жауапкершілік алмайды. | |
| 5.4. Кастодианның Клиентке келтірген және құжаттар жүзінде расталған шығындары, егер олар міндеттемелерін Шарттың ережелеріне сәйкес орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда, ҚР заңнамасына сәйкес өтелуі тиіс. | 5.4. Документально подтвержденные убытки, причиненные Клиенту Кастодианом в случае неисполнения или ненадлежащего исполнения им обязанностей согласно Договору, подлежат возмещению в соответствии с законодательством РК. |
| 5.5. Клиент Кастодианға Кастодианның Шарттың ережелерінен туындайтын өз міндеттемелерін орындауымен байланысты қалыптасқан шығындарды өтеуге міндетті болады. | 5.5. Клиент обязан возместить убытки Кастодиану, возникшие в связи с исполнением Кастодианом своих обязанностей, вытекающих из положений Договора. |
| 5.6. Клиент Кастодианға Шарт бойынша тиесілі комиссиялық сыйақыны мерзімінде төлемесе немесе Шарттың 3.1. және 3.2. тармақтарының талаптарына сәйкес шығындарды өтемесе, Клиент Кастодианға мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін төленуі тиіс сомадан 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. | 5.6. В случае, если Клиент не оплатит комиссионное вознаграждение Кастодиану, причитающееся по Договору в срок или не возместит расходы согласно условиям пунктов 3.1. и 3.2. Договора, Клиент уплачивает Кастодиану штраф в размере 0,5% (ноль целых пять десятых процента) от суммы подлежащей оплате, за каждый день просрочки. |
| **6. Тежеусіз күш жағдайлары** | **6. Обстоятельства непреодолимой силы**. |
| 6.1. Тараптардың ешқайсысы алдын ала болжауға және ақылға қонымды іс-шараларды қолдану арқылы алдын алуға болмайтын тежеусіз күш жағдайлары (бұдан әрі – «Тежеусіз күш жағдайлары») салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды. | 6.1. Ни одна из Сторон не несет ответственность за неисполнение либо ненадлежащее исполнение каких-либо обязательств по Договору, если такое неисполнение или ненадлежащее исполнение вызвано обстоятельствами непреодолимой силы, которые Сторона не могла ни предвидеть, ни предотвратить разумными мерами (далее – «Обстоятельства непреодолимой силы»). |
| 6.2. Тараптар тежеусіз күш жағдайларына келесілерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей мына жағдайларды жатқызады: су тасқыны, өрт, боран, дауылды жел, торнадо, соғыс, көтеріліс, бүлік, революция, тәртіпсіздіктер, толқулар, ұлттандыру, мемлекет қажеттілігіне алып қою, нормативтік құқықтық немесе орындауға міндетті актілерді шығару, ұшу аппараттарының, оның ішінде серіктердің, ракета тасымалдағыштардың, отын бактарының, олардың сынықтарының құлауы, метеориттердің құлауы, найзағай, сонымен қатар шарлық, Тараптардың қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қылмыстық іс-әрекеттері, электронды жүйелердегі/орталық, ұлттық және өзге банктердің жүйелеріндегі ақаулар, күрделі қателер, банктерде төлем жүргізуге мүмкіндік бермейтін өзге жағдайлар, сонымен қатар табиғи жағдайлар, техникалық ақаулар, ереуілдер, қақтығыстар және соған ұқсас басқа да жағдайлар, әуе тасымалдаушыларға, автомобиль, теміржол тасымалдаушыларға және бас қызметтерді көрсетушілерге өз міндеттемелерін дер | 6.2. К Обстоятельствам непреодолимой силы Стороны относят, включая, но не ограничиваясь: наводнения, пожары, бураны, ураганный ветер, торнадо, войны, восстания, мятежи, революции, беспорядки, волнения, национализации, изъятия для государственных нужд, издания нормативных правовых или иных обязательных к исполнению актов, падение летательных аппаратов, включая спутники, ракетоносители, топливные баки и их обломки, падение метеоритов, молнии, включая шаровые и преступные действия лиц, не являющихся работниками Сторон, а также сбои, критические ошибки в электронных системах/сетях центральных, национальных и иных банков, иные обстоятельства, не дающие банкам осуществлять платежи, а также погодные условия, технические неисправности, забастовки, стачки и иные подобные события, решения профессиональных союзов, не позволяющие авиаперевозчикам, автомобильным, железнодорожным перевозчикам, иным поставщикам услуг своевременно исполнять обязательства. Обстоятельствами непреодолимой силы не являются любые действия, вызванные |

| | |
|---|---|
| кезінде орындауға мүмкіндік бермейтін кәсіби одақтардың шешімдері. Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, қызметкерлерінің, агенттерінің, сонымен қатар үлестес тұлғаларының абайсыздығы мен кінәсінен болған іс-әрекеттер тежеусіз күш жағдайлары болып табылмайды. | небрежностью или виной Сторон, их уполномоченных лиц, работников, агентов, а также аффилированных лиц. |
| 6.3. Тежеусіз күш жағдайлары туындаған кезде оның әсеріне ұшыраған Тарап екінші Тарапқа 2 (екі) тәуліктің ішінде тапсыру немесеп пошта арқылы осы жағдайлардың басталған күні мен сипатын анықтайтын хабарлама немесе факсимильді байланыс аорқылы хабар жіберу арқылы дереу хабарлайды. Тежеусіз күш жағдайлары бұндай хабарламаны жолдауға кедергі келтірген жағдайда, ол Тежеусіз күш жағдайларының әсері аяқталған күннен кейінгі жұмыс күні жіберілуі тиіс. | 6.3. В случае возникновения Обстоятельств непреодолимой силы, Сторона, подвергшаяся их воздействию, незамедлительно уведомляет об этом другую Сторону в течение 2 (двух) суток, путем вручения либо отправкой по почте письменного уведомления, уточняющего дату начала и описание Обстоятельств непреодолимой силы или сообщения по факсимильной связи. В случае, если Обстоятельства непреодолимой силы препятствуют отправлению такого уведомления, оно должно быть отправлено в рабочий день, следующий за днем окончания воздействия Обстоятельств непреодолимой силы. |
